

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2024 – 2025 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

Білім беру ұйымы «Дән» бөбекжайы

Топ «Қарлығаш» кіші

Балалардың жасы 2 жас

Жоспардың құрылу кезеңі (айды, жылды көрсету) қазан 2024жыл

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс- әрекеттің міндеттері
Қазан	Дене шынықтыру	<p>Жүру. Шағын топпен және бүкіл топпен қарқынды өзгерте отырып, белгі бойынша тоқтап, иректелген лентаның бойымен жүру.</p> <p>Жүгіру. Белгі бойынша тоқтап, бірінің соңынан бірі (20 метр дейін) шағын топқа бөлініп және бүкіл топпен жүгіру.</p> <p>Еңбектеу, өрмелеу. Әртүрлі заттардың арқанның астынан нысанаға дейін төрттағандап (алақанымен) еңбектеу.</p> <p>Домалату, лақтыру. Отырып және тұрып, түрлі заттардың астынан 0,5-1,5 метр арақашықтыққа доптарды домалату, доптарды бір-біріне домалату.</p> <p>Секіру. 10-15 сантиметр биіктіктен секіруге, еденде жатқан секіргіштен (қатар қойылған 2 арқаннан) аттап секіруге үйрету.</p> <p>Жалпы дамытушы жаттығулар. Қолды алға, жоғары, екі жаққа көтеру; қолды кеуде тұсында айқастыру және екі жаққа жазу.</p> <p>Орнында жүру.</p>

	<p>Таяныштан ұстап отыру, аяқтың ұшымен тұрып, тартылу.</p> <p>Қимылды ойындар.</p> <p>Балалардың ойынға қызығушылығын дамытуға ықпал ете отырып, негізгі қимылдарды (жүруге) жетілдіру.</p> <p>Мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру.</p> <p>Жеке заттарды қолдану (қол орамал, майлық, орамал, тарақ, түбек), 19 киіміндегі олқылықты байқау және оны өз бетінше, ересектердің көмегімен ретке келтіру.</p> <p>Сауықтыру-шынықтыру шаралары.</p> <p>Балаларды топта жеңіл киінуге үйрету.</p>
Сөйлеуді дамыту	<p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.</p> <p>Қарапайым сөз тіркестерін (2-4 сөз) дұрыс қайталап айтуға үйрету.</p> <p>Сөздік қор.</p> <p>Үй жануарлары.</p> <p>Тілдің грамматикалық құрылымы.</p> <p>Балаларды зат есімнің көпше түрін қолдануға үйрету.</p> <p>Байланыстырып сөйлеу.</p> <p>(Кім? Не? Не істейді?) сұрақтарға жауап беруге үйрету.</p>
Көркем әдебиет	Балалармен бірге балалар әдебиетінің шығармаларына арналған иллюстрацияларды қарау.
Сенсорика	Өлшемдері әртүрлі геометриялық фигураларды салыстыру және іріктеуді жетілдіру.
Сурет салу	Бейнелерді парақ бетінде орналастыра отырып, түрлі-түсті дақтарды қарама-қарсы үйлестіруге білу.
Мүсіндеу	Мүсіндеудің қарапайым тәсілдерін

		(кесектерді үлкен бөліктерден бөліп алу, оларды біртұтас етіп біріктіру, сазбалшықты өздігінен илеу) үйрету.
	Жапсыру	Балаларды бейнелерді фланелеграфта (сызықтарда, шаршыда), қағаз бетіне қойып, үйрету.
	Құрастыру	Балаларды ойын барысында үстел үсті және еден үсті құрылыс материалдарымен (текшелер, кірпіштер, үш қырлы призма, пластина, цилиндр), жазықтықтағы құрылыстың орналасу нұсқаларымен таныстыру.
	Музыка	Музыка тыңдау. Музыканы тыңдауға қызығушылықты қалыптастыру, музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдау, оны тыңдау, дыбысталу ерекшеліктерін ажырата білу. Ән айту. Әнді жеке және топпен айту. Музыкалық-ырғақтық қимылдар. Қарапайым би қимылдарын орындау, қолдың білектерін айналдыру, шапалақтау және аяқты тарсылдату.
	Қоршаған ортамен танысу	«Мен» бейнесі. Өзінің есімін және жасын атау, үйін және пәтерін тану, отбасы мүшелерінің аттарын атау. Заттық әлем. Заттық-бағдарлық әрекеттерді (қарау, тигізу, бұрау, ашу) белгілі бір объектіге арналған нақты әрекеттерді орындауға баулу. Көлік. Көліктер, көше, жол туралы

		<p>бастапқы түсініктерді қалыптастыру.</p> <p>Еңбекке баулу. Кейбір еңбек әрекеттерін білуге және атауға (тәрбиешінің көмекшісі ыдыс жуады, тамақ әкеледі, сүлгілерді ауыстырады) үйрету.</p> <p>Адамгершілік тәрбиесі. Ненің «дұрыс» немесе «дұрыс емес», «жақсы» немесе «жаман» екені туралы қарапайым түсініктерді қалыптастыру.</p> <p>Табиғат әлемі. Балалардың табиғат пен табиғат құбылыстарына қызығушылықтарын қалыптастыру.</p>
--	--	--